

«Шұғыла» бөбекжай-балабақшасы» МКҚК

Хаттама №-----

Қосбөлтек ауылы

18.10.2023ж.

Балабақшада «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласы аясында желілік кестеге сәйкес «Дәстүр халқымыздың рухани өзегі» тақырыбында тәрбиеші С.Рапилбекованың ұйымдастыруымен баяндамасы тыңдалды.

Халқымыздың рухани өзегі-қазақ халқының салт-дәстүрі болып табылады. Халқымыздың салт-дәстүрлері, рәсімдер мен жөн жоралғылар, ырымдар мен тыйымдар, түрлі сенімдер өмірде қолданыс тауып келеді. Осы жоралғыларды сіздерге назарларыңызға ұсынғалы отырмын.

Біздің қазақ халқымызда салт-дәстүрлер өте көп соның ішінде ауыз тию, байғазы беру, бастанғы жасау тағы сол сияқты салт-дәстүрлеріміз көп екенін айта отырып сол салт-дәстүрлерге тоқтала кетті. Ауыз тию алыс сапарға аттанарда сол адам ауылындағы немесе әулетіндегі үлкен үйге кіріп дәм татады. Бұл ауыз тию асқа деген ыстық ықыласының бір белгісі болып саналады. Ал байғазы беру үлкеннің кішіге яғни балаға беретін сыйы. Олар байғазыға ақша, мал немес басқа да бір зат береді. Бастанғы жасау отбасындағы үлкендер жолаушылап кеткенде жастар өздері қалып бас қосып немесе замандастарын шақырып ойын-сауық өткізеді. Мінеки өздеріңіз тындап отырғандай қазақ халқының салт-дәстүрге өте бай. Қазіргі таңда осы жөн-жоралғыларды ұстанып жүргенін айтты.

Осы тақырып аясында сөз алам деушілерге сөз беріліп, өз ойларын айту ұсынылды.

Л.Султанбекова өз сөзінде қазақ халқының салт-дәстүрлері көп екенін соларды балабақшада кішкентай жеткіншектерге үйретіп, бала бойына сіңіре отырып, олардың өз салт-дәстүрлерін жетік білуге үйретіп жатқанын және де өз халқымыздың салт-дәстүрлерін сақтай біле отырып оны дәріптей отыруымыз ықажет екенін атап өтті.

Басқа да қызметкерлер осы пікірге қосылатындарын айтты.

Хатшы:  Ф.Максымханова